

Ғ.М. Ақсейіт¹, А.К. Кабдугалиев²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
²Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: galiya_76@mail.ru, akk3960012@gmail.com

Қазақстан медиакеңістігіндегі жалған ақпараттармен күрес тәжірибесі («Factcheck.kz», «Stopfake.kz» сайттарының негізінде)

Аңдатпа. Ғылыми мақалада әлемдік деңгейде ақпараттың таралу ауқымы мен жылдамдығына байланысты пайда болған қатерлердің бірі – жалған ақпарат (*fake news*) туралы түсініктер мен анықтамаларға, ол туралы соңғы кездегі зерттеулер мен ізденістерге шолу жасалады. Жалған ақпараттар туралы жазылған ғылыми еңбектерге сүйене отырып, Қазақстан медиакеңістігіндегі жалған ақпараттармен күрес тәжірибелері «Factcheck.kz», «Stopfake.kz» сайттары мысалында талданады. Соңғы онжылдықта әлемдегі ақпараттық соғысты жүзеге асырудың құралына айналған жалған ақпараттармен (*fake news*) күрестің әдіс-тәсілдері баяндалады. Жалған ақпараттармен күресуді мақсат еткен «Factcheck.kz», «Stopfake.kz» сайттарында жарияланған мақалаларға талдау жасалып, тиімділігі мен пәрменділігіне баға беріледі. «Factcheck.kz», «Stopfake.kz» сайттарының мысалында әлемдегі жалған ақпараттармен күрестің маңыздылығын ескере отырып, әр бұқаралық ақпарат құралдарының өз фактчекінгі болуы керектігі айтылады. Екі сайттың жарияланымдары мен құрылымы, зерттеу әдістері мен нәтижелері салыстырмалы түрде баяндалған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Көрінеу жалған ақпарат» таратқаны үшін кез-келген адамның жауапкершілікке тартылатындығы туралы нақты деректер келтірілген. Сондықтан әрбір журналистің кез-келген ақпаратқа сыни көзқарас тұрғысынан қарап, дереккөздің сенімділігіне көз жеткізу арқылы ғана жариялауға кеңес беріледі. Журналистің «фактчекінгтік санамен» ойлап, әрбір деректі тексеру дағдыларын игеруі бұқаралық ақпарат құралдарының сапасы мен сенімділігін арттыратындығы айтылған.

Түйін сөздер: жалған ақпараттар (*fake news*), фактчек, «Factcheck.kz», «Stopfake.kz», әлеуметтік медиа, үгіт-насихат, манипуляция.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-143-2-47-55>

Кіріспе. Соңғы онжылдықта жаһандық ақпараттық кеңістік пен әлеуметтік желілердің дамуына байланысты фейк пен фейк жаңалықтар феноменімен бетпе-бет келдік.

«Жалған ақпараттар» түсінігі қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ақпараттар ағынын басқару мәселесімен тікелей байланысты. Бұл ғылыми мақаламызда «жалған ақпараттарға» сипаттама беріп, анықтамасын ұсынуға тырысамыз. Жалған ақпараттардың

түпкі мақсаты – аудиторияны қасақана адастыру, алдау арқылы моральдық және мүліктік зиян шектіруді көздейтін ойдан құрастырылған, шындыққа жанаспайтын ақпараттарды тарату.

«Фейк жаңалықтардың» бірнеше анықтамасы бар, олардың бәріне бірдей ортақ белгі – белгілі бір пайда үшін немесе идеялар мен көзқарасты орнықтыру үшін адамдарды көрінеу жалған ақпараттармен адастыруды, алдауды көздейді. Жалған ақпараттар назар аудартатын («кликбейт»)

тақырыптар қою арқылы, үгіт-насихат, «авторлық пікір», әзіл-қалжың, сатира, т.б. түрінде ұсынылуы мүмкін.

Жалған ақпараттарды жазбай тану мен олармен күрес мәселесі шынайы ақпараттардан кейінгі кезең үшін өте өзекті.

Жалған ақпараттар елді адастыратын немесе бұрмаланған жаңалықтарды қасақана таратады. Қазіргі замандағы медиакеністікте жалған ақпараттардың көптеп таралуы фейк жаңалықтар феноменін түпкілікті зерттеуді қажет етеді.

Бұл ғылыми мақаламызда Қазақстанның медиа кеңістігіндегі жалған ақпараттармен күресетін «Factcheck.kz» және «Stopfake.kz» жарияланымдарын талдап, объективті баға беруге тырысамыз.

Зерттеу әдісі. Зерттеу барысында жалпы философиялық, тарихи-салыстырмалы, логикалық, жеке ғылыми әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар Қазақстанның медиа кеңістігіндегі жалған ақпараттармен күресетін «Factcheck.kz» және «StopFake.kz» жарияланымдарын талдап, объективті баға беруде контент-талдау, мәтін талдау, бақылау, болжау әдістері қолданылды. Фактчекингке қатысты статистикалық деректер келтірілді және салыстырмалы түрде баяндалады.

Талқылау. Көптеген массмедиа зерттеушілерінің айтуынша, қазіргі заманғы медиакеністікте шындық пен жалғанның шекарасын жоюға бағытталған үрдістер пайда болып, қарқын ала түсуде [1]. Осының салдарынан fake-news – жалған ақпараттар көптеп пайда болуда. Зерттеушілердің айтуынша, жалған ақпараттардың пайда болып, таралу ошағы – дүниежүзілік ақпараттық-коммуникациялық жүйе – интернет, ал контенттің тез арада таралу мүмкіндігі оның жеделдігі мен кең ауқымдылығын қамтамасыз етеді [2].

Осыған байланысты жалған ақпаратпен және фейкпен күреске тікелей қатысы бар екі ұғымға – верификация және фактчекингке қысқаша анықтама беру қажет. Олардың бір-біріне қаншалықты қатысты екендігі туралы әлі күнге дейін біржақты көзқарас жоқ. Кейбіреулер оларды синонимдер деп санаса, басқалар үшін ұқсас болғанымен, бірдей емес құбылыстар [3]. Жалпы

алғанда, верификация бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралған ақпараттың мазмұны мен дереккөзінің растығына көз жеткізуді мақсат етеді. Ал фактчекинг – журналистік жарияланымдардағы мақсатты немесе кездейсоқ бұрмалаушылықтарды анықтау үшін аудиовизуальды ақпараттардың түпнұсқалылығы мен сенімділігін тексереді [4].

Ғылыми әдебиеттерде журналистерге фейк жаңалықтарды шынайы жаңалықтардан ажырату бойынша нақты ұсыныстар әзірленген. Біріншіден, ақпараттың қайнар көзіне (бұл дерек көзі қаншалықты танымал, белгілі, беделді және сенімді) назар аудару керек және тақырыптың басты функциясы – аудитория назарын аударту екенін ескеру керек (бұл дегеніміз – ақпараттың мазмұны тақырыппен толық сәйкес келмеуі де мүмкін). Сондай-ақ автордың уәжіне сыни көзқарас тұрғысынан қарау керек, қажет болған жағдайда суреттердің түпнұсқалылығын (ол үшін арнайы қызмет түрлері бар) және жекелеген дерек, цифр, цитаталардың шындыққа сәйкестігін тексеруге болады. Кейде мәтіннің тілдік ерекшеліктерін (автор пайдаланған белгілер, метафоралар, тұрақты сөз тіркестері, салыстырулар, т.б.) және берілген ақпарат көзін (аталмаған жағдайда күдік тудыруы керек) талдау тиімді. Ең соңында, автор ұсынған деректер мен дәлелдерді жеке пайым-парасат, логикалық тұрғыдан сын тезінен өткізе отырып, қорытынды шығару керек.

Сайып келгенде, журналист пен аудитория бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарына сыни көзқараспен қарауға дағдыланулары тиіс. Қазірге дейін әлемдік ірі БАҚ редакциялары жалған ақпараттарды өз күштерімен қарапайым әдістер арқылы анықтауға тырысып келген: редакторлар деректерді жарияламас бұрын, тәуелсіз сарапшылар олардан кейін тексеретін. Мұндай тексерістерді жаңалықтар қызметімен бірге арнайы ұйымдар да жүзеге асыратын (мәселен, АҚШ-та FactCheck, PolitiFact және FullFact).

Әлеуметтік желілер арқылы жаңалықтардың кең таралуы және

жалған ақпараттардың қоғамға кері әсері зерттеушілерді үлкен деректер технологияларын пайдалана отырып, фейктерді танудың жаңа әдістеріне жүгінуге мәжбүр етті.

Жаңалықтарды талдаудың заманауи автоматтандырылған жүйелері, әдетте, үш ұстанымның біріне сәйкес жұмыс істейді:

1. Мәтіннің мазмұнын емес, стилін талдау. Жалған ақпаратты таратушылар оқырмандарды әдейі адастыру үшін белгілі бір әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қалаған идеяларын таңуға тырысады және өздері де өтірік ақпаратпен ұсталып қалмау жолдарын қарастырады. Бұл белгілі бір стилистикалық ерекшеліктерден байқалады: жалғандықтың белгісі болымсыз егістіктердің қолдану жиілігі мен заңдылығы, сонымен қатар сөздік қор мен мәтіннің күрделілік деңгейі.

2. Тарату аймағын талдау. Тарату әдісі белгілі бір жұқпалы аурулар, оның өршу мүмкіндігіне болжам жасау кезіндегі жедел таратылатын ақпараттарға ұқсайды.

3. Тұтынушылардың белсенділігін талдау. Әдіс оқырмандардың жалған ақпараттардың пайда болуына және таралуына қатысын бағалауға құрылған. Қолданушылар екі топқа бөлінеді: фейк жасау мен оны таратудан пайда көретін «қылмыскерлер» және еш мақсатсыз фейк тарататын қарапайым қолданушылар.

Бүгінгі таңда тақырыптарды, мәтінді, мультимедиалық мазмұнды, метадеректерді және басқа параметрлерді лингвистикалық талдауды орындау үшін машиналық оқыту үлгілерін пайдаланатын бірқатар қызметтер қолжетімді. Мұндай сервистерді (FakeBox, FightHoax, TrulyMedia, SocialTruth және т.б.) тестілеу кезінде дәлдік деңгейі 95%-дан асты.

Жалған ақпараттарды мәтіннің стилін ескере отырып жіктеудегі машиналық оқытудың өз алгоритмдері бар. Олар: тірек векторлар әдісі, k-ең жақын көршілер әдісі, логистикалық регрессия, «кездейсоқ орман» әдісі, «аңғал Байес үлгісі», жасанды нейрондық желілер, терең оқу әдістері.

Осы әдістердің барлығы жақсы нәтижелер көрсете алады. Бірақ әртүрлі деректер жинақтарында (жалған жаңалықтарды тану кезінде де, басқа

жіктеу тапсырмаларында да) өзін жақсы дәлелдеген әдістер – логистикалық регрессия, Байес үлгілері және терең оқыту екені дәлелденген.

Фейк жаңалықтар заманауи медиакеңістікте кеңінен таралғанын атап айтуымыз керек. Қазақстан жағдайында жалған ақпараттар көбінесе әлеуметтік желілер арқылы таралатынын байқап жүрміз. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында бұл жағынан сүзгінің, журналистер тарапынан шындыққа сай ақпаратты жариялау керектігі туралы жауапкершіліктің бар екендігі сезіледі. Мәселен, жақын күндері әлеуметтік желілер мен жекелеген топтарда «белгілі Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың Германиядағы мазары бұзылғалы жатыр» деген жалған ақпарат желдей есті. Мұстафа Шоқайдың мүрдесін тез арада елге жеткізу мәселесі көтеріле бастады. Кейін ҚР СІМ өкілі Айбек Смадияров: «Зират орнында, ешкім оған тиіскен жоқ. Елшіліктің қызметкері барып тағы да тексеріп қайтты, зираттың басышылғымен сөйлесті» деп ақпараттың жалған екендігін растады. Осы орайда республикалық «Aiqun» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Гүлзина Бектас Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеп жүрген мұстафатанушы, қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкірмен «Сіз не дейсіз?» деген айдар аясында едел-жедел сұхбат ұйымдастырып, бұл тақырыпты одан әрі тереңдете зерттей бастады [5]. Бұл сұхбатында ғалым «Аруақты қозғамайық. Мұстафа атамыз қазір Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты байланыстырып жатыр» деген пікірін айтады. Қазақ баспасөзінде жалған ақпараттардың түп-төркінін зерттеу – журналистік зерттеулерге ұласып, бұрын белгісіз болып келген ақпараттардың ашылуына түрткі болады деуге толық негіз бар. Яғни мұндағы айтпағымыз – Мұстафа Шоқайдың зираты туралы жалған ақпарат таралмаса, басылым бұл тақырыпты дәл осы кезде қозғай қоюы екіталай еді.

Көп жағдайларда фейк жаңалықтардың артында адамдар мен белгілі бір топтардың саяси, қаржылық, басқа да мүдделері жасырулы тұрады. Оның тарихына үңілсек, Дьюк университетінің (АҚШ)

журналистік зерттеу орталығының 2021 жылғы мәліметінше, «әлемде деректердің дұрыстығын тексеретін 391 жоба бар екен. Оның 378-і қазір жұмыс істеуде» [6]. Ал одан төрт жыл бұрынғы дерек бойынша, «Фактчек форматында жұмыс жасайтын алғашқы ресурстаросыдан 30 жылдай бұрын пайда болған, қазіргі кезде әлем бойынша олардың саны 114... Латын Америкасы, Африка құрлығы, Батыс Еуропа елдерінде өз фактчекінг платформалары бар. Ең ірі фактчек-ресурстар желісі АҚШ елінде, олардың саны 30-дан асады. Шығыс Еуропа елдерінде фактчек Чехия, Польша, Литва мемлекеттерінде бар. 2014 жылы фактчек-басылымдары Грузияда, ал 2015 жылы Украинада пайда болды» [7].

Қазіргі кезде қоғам мүшелерінің шынайы ақпаратқа деген сұранысы мен талап-тілектерінің артуына байланысты фактчек ресурстарының саны бұдан да көбейгені анық. Еліміз ғана емес, Орталық Азия аумағындағы алғашқы «Factcheck.kz» жобасы 2017 жылы наурыз айында жұмысын бастады. Ол Халықаралық Фактчекінг желісінің (International Fact-Checking Network (IFCN) ұстанымдарын басшылыққа алады. Басты мақсаты – Қазақстандағы медиа мәдениет деңгейін көтеру, шындыққа сай емес, жалған ақпараттармен, манипуляциямен күресу. Бұл мақсат екі бағытты қамтиды. Біріншісі – медиа (журналистика және блоггинг), яғни ақпарат өндірісі мен тарату ісі. Екіншісі – ақпаратты тұтыну саласы (ақпаратты саналы түрде және сыни ойлау арқылы қабылдауды үйрету). «Factcheck.kz» ресурсы қоғамдық маңызы зор және резонанс тудырған жаңалықтар мен деректерді, сандарды, сондай-ақ ел алдында жүрген тұлғалардың сөздері мен мәлімдемелеріне жүйелі түрде мониторинг жасап, тексеріп тұрады. Сонымен қатар редакция атынан тексеру әдісі мен нақты дәлелдерді ұсына отырып «жалған», «шындық», «жартылай шындық», «манипуляция», «үкімі жоқ» деген шешімдер шығарады. MediaNet Халықаралық журналистика орталығының басшысы, «Factcheck.kz» негізін қалаушы Адиль Джалиловтың айтуынша, сайтты қолданушылардың саны пандемия кезінде күніне 200 000 адамға дейін күрт

артқан. Одан бөлек мессенджерлер мен әлеуметтік желілердегі аудитория бар. Қазіргі аудитория саны айына 1,5 – 2 миллион деңгейінде, немесе күніне 3 – 15 мың аралығында, оған қосымша Instagram-да 50 мыңға жуық және Telegram-да 15 мыңға жуық жазылушы тіркелген. Сонымен қатар «Factcheck.kz» үкімдерінің тізімі жинақталған тәжірибелерге сүйене отырып 2021 жылдың 1 қарашасынан бастап жаңартылған: «Сатиралық жаңалықтар» үкімі қосылған, «Техникалық қате» және «Фейк» үкімдеріне толық түсінік берілген, «Жалған» және «Манипуляция» үкімдері өздеріне тән белгілеріне қарай ажыратылған. «Жартылай шындық» үкімі «Шындыққа жақын» деп өзгертіліп, нақтыланған [8]. «Медиа гигиена» деген ұғымды қалыптастырған фактчекерлер әрбір ақпаратқа осылай «диагноз» қою арқылы ақпараттық кеңістігімізді сауықтыруға зор үлес қосып келеді. Одан бөлек осы жоба аясында Гороховский Александр деген украиналық журналистің нақты тәжірибеге негізделген «Фактчекінг – журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы. Практикалық оқулық» (Алматы, 2017) атты кітабын қазақ және орыс тілдеріне аударған. Бұл журналистика мамандығын таңдаған білім алушылар үшін зор олжа.

«Factcheck.kz» сайтында зерттеулер «Фейктер», «Мәлімдемелер», «Уәделерді қадағалау», «Мемлекеттік сатып алу», «Украинадағы соғыс», «Технология», «Адам құқықтары», «Жаңалықтар» атты айдарлар аясына топтастырылған. «Мәжіліс Ресей шекарасын қорғауға келісім берді ме?» (10.06.2023) атты сараптамада TikTok әлеуметтік желісінде тараған фейк ақпаратты нақты дәлелдермен теріске шығарған. «Планетамыздағы ең үлкен өрт Абай облысында ма?» (14.06.2023) атты зерттеуде журналист Алмабек Ибрайымов Greenpeace халықаралық үкіметтік емес экологиялық ұйым өкілінің жауабына сүйене отырып, ақпараттың жалған екенін анықтаған. Журналист фактчек жасау барысында ақпаратты жеткізудің заманауи әдіс-тәсілдерін, инфографика, сызбалар мен диаграмма, картаны ұтымды пайдалана білген.

Жалпы «Factcheck.kz» сайтының Қазақстандағы «медиагигиенаны сақтау» саласындағы ұтымдылығы мен тиімділігін, дер кезінде ашылған өте қажетті, маңызы зор жоба екендігін баса айтқан жөн. Журналистік зерттеулердің фейк ақпараттармен өте жедел әрі қысқа уақыт аралығында күресіп, дұрыс нәтижеге қол жеткізіп жүргендерінің куәсі болдық. Журналистердің кәсібилігі, отандық және халықаралық деректермен жұмыс істеуде басқа БАҚ-тарға қарағанда көш ілгері екендіктеріне көз жеткіздік. Қалай болғанда да, журналистикада өз орнын айқындап келе жатқан «фактчек» атты жаңа пішіннің қазақстандық үлгісін қалыптастырудағы маңызы зор.

«Stopfake.kz» сайты ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен 2020 жылдың шілдесінде құрылған. «Fake news», «Конспирология», «Медициналық фейктер», «Фейк аккаунттар», «Сұхбат», «Сайлау» атты айдарлары бар. Елдегі өзекті ақпараттардан гөрі халықаралық деңгейдегі фейк ақпараттарды зерттеумен айналысатындары байқалады. Оны тақырыптарынан-ақ аңғаруға болады. «Дәлелсіз: «Күзде әлемде өлім-жітімі жоғары жасанды вирус пайда болады» (13.06.2023), «Фейк: «Адамзат өркениетінің пайда болғанына небәрі 200 жыл» (14.06.2023), «Фейк: ДЭФ-тің мақсаты – адамзатты жою» (05.06.2023), «Фотофейк: Ватиканда жылан көзінің мүсіні орнатылды» (29.05.2023), «Фейк: «Қытайда мектеп оқушыларының тәртібін бақылау үшін «адалдық шеңберлері» қолданылады» (15.06.2023). «Фейк», «Манипуляция», «Конспирология», «Дәлелсіз», т.б. тұжырымдар жасағанымен, «Factcheck.kz» қарағанда әр ақпаратқа негізделген нақты «үкім» шығармайды.

<https://www.gov.kz/> сайтында жарияланған инфографикадағы мәлімет бойынша, «Stopfake.kz» сайты 2020-2021 жылдары 1900 жалған ақпаратты теріске шығарған. Өртүрлі платформалардағы 7 миллион қаралымы бар. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге тұрақты мониторинг жасайды [9].

Сайт жұмысынан байқағанымыз – сайлау кезінде таралған жалған

ақпараттар теріске шығарылып отырған. Сайлау учаскесіндегі төбелестер, артық бюллетеньдерді заңсыз салу оқиғаларының видеолары өзге елдерде түсірілгендігі дәлелденген. «Factcheck.kz» сайтының сараптамаларымен салыстырғанда бір ғана дерек көздеріне сүйенетіндігі байқалады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, жалған жаңалықтар төрт негізгі санатқа бөлінеді. Олар:

1-санат: Facebook пен әлеуметтік желілерде бөлісетін жалған, алдамшы немесе үнемі жалған ақпараттар тарататын веб-сайттар. Бұл веб-сайттардың кейбіреулері әдейі жұрттың ашуын тудыратын «қисық ақпараттарды», контекстен жұдынып алған сөздерді тақырыпқа шығарып, коммент, лайк, репост, бөлісулер арқылы пайда табуы көздейді.

2-санат: жаңылыстыратын және/немесе қате ақпаратты таратуы мүмкін веб-сайттар.

3-санат. Анда-санда тақырыпты «айқайлатып» қойып өзіне назар аудартуды көздейтін веб-сайттар.

4-санат: Сатиралық сайттар. Ондағы жарияланған ақпараттарды көшіріп басқан кезде шындық ретінде қабылдануы мүмкін. Қандай жағдайда да журналист кез-келген ақпаратпен жұмыс істеген кезде «екі шоқып, бір қарау» ұстанымына сүйенгені дұрыс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 274-бабында «Көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін» жауапкершіліктер қарастырылған. 2021 жылғы мәліметке сәйкес, елімізде жарты жылдың ішінде «көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін» 43 қылмыстық іс қозғалған. Оның жазасы – 1000 есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл немесе түзеу жұмыстары, болмаса 400 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға жегіледі [10].

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде елімізде журналистикадағы жаңа түр – фактчектің қалыптасып, дамып келе жатқандығына көз жеткіздік. Қазақстандық медиа саласындағы фактчекинг «Factcheck.kz», «Stopfake.kz» сайттарымен ғана шектелмейді, көптеген БАҚ-тарда жалған ақпараттарды дер кезінде теріске шығаруға деген ұмтылыс бар екендігін байқадық.

Айдарлары әр түрлі аталуы мүмкін, бірақ мақсаты – бір.

Қазақстан БАҚ-тарында фактчекингтің қарқын алуы медиа кеңістікті жалған ақпараттардан тазартады, журналистердің кәсіби дәрежесін өсіреді, деректермен сауатты жұмыс істеуге үйретеді, аудиторияның медиасауаттылығын арттырады деуге толық негіз бар. Бұл орайда «Factcheck.kz» жобасының жұмыс тәжірибесі үлгі боларлық.

Жоғарыда аты аталған сайттардан бөлек, қазіргі ақпаратты сараптап пайдалану қажеттігі туған заманда әрбір журналист «фактчектік санамен» жұмыс істеу керектігі анық. Онсыз аяқ басқан сайын жалған ақпараттың құрбанына айналу мүмкіндігі зор. Жалған ақпараттардың бір жағымды жағы – сол тақырыпқа қатысты арнайы журналистік зерттеуге мұрындық болуы екен. Жалған ақпарат таралмаса, дәл сол күні, сол тақырыпқа журналистік зерттеу жасалуы екіталай.

Екі сайттың да жұмыс істегендеріне көп болмаса да, жалған ақпараттармен күресуде нақты нәтижелерге қол жеткізген, оқырмандары баршылық. Жалпы, кез-келген жалған ақпараттың зияндылығын нақты анықтап, өлшеп-бағалау мүмкін емес. Ол көбінесе адамдардың моральдық, психологиялық көңіл-күйіне әсер етеді. Оның зардаптары көзге көрінбейді, ұзақ жылдарға созылуы мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде жалған ақпараттармен күресуге бағытталған сайттардың тиімділігі мен пәрменділігі дәлелдеуді қажет етпейді.

Қорытынды. Жаңалықтардағы жалған ақпарат пен бұрмалаушылық адамдардың өміріне кері әсер етеді, ал қоғам мен экономиканың кез-келген саласы жалған ақпараттардан қорғалмаған. Жалған ақпараттың таралу ауқымын ескере отырып, фейкпен күресуде жедел әрі тиімді шешімдердің шұғыл қажеттілігі аса өзекті мәселе. Машиналық оқуға негізделген мәтіндерді жіктеудің қазіргі заманғы технологиялары жалған ақпараттармен күрес процесін жеделдетіп, ішінара автоматтандыру ісінде тиімділігін көрсетуде. Бірақ біржақтылыққа жол бермеу үшін жалған ақпаратты тексеруді бір ғана мамандандырылған орталыққа немесе тексеру алгоритміне жүктеп қоюға болмайды. Терең оқытуға негізделген ең күрделі жіктеу үлгілері де тек жасау сәтінде ғана оңтайлы болады, ал олардың дәлдігі уақыт өте келе жаңа фейктер пайда болып, жазу стилі өзгерген сайын төмендейді.

Медиакеңістікте таралған кез-келген жалған ақпараттарды тексеру қоғамның зерттеулерге деген сенімін сақтау үшін қажет. Жұртшылық зерттеулерден тек қана шындық ақпараттарды күтеді. Шындыққа негізделген зерттеулер жүргізу арқылы журналистер мен зерттеушілердің кәсіби деңгейі, оқырмандар мен көрермендердің талғамы артады. Осы орайда қазақстандық «Factcheck.kz», «Stopfake.kz» сайттары әзірге тұтынушылардың сұраныстары мен талап-тілегіне жауап беріп отыр, кең қолданысқа ие. Болашақта әрбір БАҚ-тың, жекелеген журналистердің өз фактчекингінің болуы – заман талабы.

Әдебиеттер тізімі

1. Ефанов А.А. Функционирование псевдо-новости в полях телевидения и Интернета: типология, практики, социальные эффекты / А.А. Ефанов // Коммуникология. – 2018. – Т. 6. - № 1. – С. 155–165.
2. Иссерс О.С. Медиафейки: между правдой и мистификацией // Коммуникативные исследования. – 2014. – № 2. – С. 112–113.
3. Корнев М.С. Фактчекинг: 5 надежных способов проверить информацию // Журналист. – 2015. – № 5. – С. 54–56.
4. Gottfried J.A., Hardy B.W., Winneg K.M., Jamieson K.H. Did Fact Checking Matter in the 2012 Presidential Campaign? // American Behavioral Scientists. 2013. Vol. 57. No. 11. P. 1558 – 1567.
5. Бектас Г. Аруақты қозғай берудің қисыны жоқ // «Айқын». – 2023. – 15 маусым.
6. Stencil M., Ryan E., Luther J. Fact-checkers extend their global reach with 391 outlets, but growth has slowed. – URL: <https://www.poynter.org/fact-checking/2022/391-global-fact-checking-outlets-slow-growth-2022> (Accessed:12.01.23).

7. Гороховский А. Фактчекинг – журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы. Практикалық оқулық. – Алматы, 2017. – 105 б.
8. Үкімдерді қалай қоямыз? – URL: <https://factcheck.kz/kaz/f-a-q/#k-mderd-alay-oyamyz> (Accessed:12.01.23).
9. Stopfake.kz 1900-ден астам фейкті жоққа шығарды. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/296477?lang=kk> (Accessed:15.01.23).
10. Alexios Mantzarlis. Module 5. Fact-checking 101. – URL: https://en.unesco.org/sites/default/files/module_5.pdf (Accessed:15.01.23).
11. James Ball. Post-Truth: How Bullshit Conquered the World Paperback. - Biteback Publishing, 2017. – 306 p.
12. Lee McIntyre. Post-Truth (The MIT Press Essential Knowledge series). // The MIT Press, 2018. - 236 p.
13. Brooke Borel. The Chicago Guide to Fact-Checking. // University of Chicago Press. 2023. – 245 p.

References

1. Yefanov A.A. Funczhinirovanie psevdonovosti v polyakh televideniya i Interneta: tipologiya, praktiki, socialnye effect [The functioning of pseudo-news in the fields of television and the Internet: typology, practices, social effects], *Kommunikologia [Communicology]*, 1(6), 155–165 (2018). [in Russian]
2. Issers O.S. Mediafejki: mezhdu pravdoj i mistifikaciej [Media fakes: between truth and mystification], *Kommunikativnye issledovania [Communicative studies]*, 2, 112–113 (2014).
3. Kornev M.S. Faktcheking: 5 nadezhnykh sposobov proverit informacziyu [Fact-Checking: 5 Reliable Ways to Verify Information], *Zhurnalist [Journalist]*, 56 54-56 (2015). [in Russian]
4. Gottfried J.A., Hardy B.W., Winneg K.M., Jamieson K.H. Did Fact Checking Matter in the 2012 Presidential Campaign?, *American Behavioral Scientists*, 11 (57), 1558 – 1567 (2013).
5. Bektas G. Aruakty kozgai berudin kisyny jok [There is no logic to keep moving the ghost], «*Aiqyn*». – 2023. – 15 June. [in Kazakh]
6. Stencil M., Ryan E., Luther J. Fact-checkers extend their global reach with 391 outlets, but growth has slowed. Available at: <https://www.poynter.org/fact-checking/2022/391-global-fact-checking-outlets-slow-growth-2022> (Accessed:12.01.23).
7. Gorohovsky A. Faktcheking – jurnalistika zertteuinin trendi: mumkindigi men bolashagi [Facts-journalism research: mumkindigi and the future]. Practical guide (Almaty, 2017, 105 p.). [in Kazakh]
8. Ukimderdi kalaj qojamyz? [How do we make judgments? Available at: <https://factcheck.kz/kaz/f-a-q/#k-mderd-alay-oyamyz>] (Accessed:12.01.23). [in Kazakh].
9. Stopfake.kz 1900-den astam fejkty zhokka shygardy [Stopfake.kz denied more than 1,900 fakes]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/296477?lang=kk> (Accessed:15.01.23). [in Kazakh]
10. Alexios Mantzarlis. Module 5. Fact-checking 101. Available at: https://en.unesco.org/sites/default/files/module_5.pdf (Accessed:15.01.23).
11. James Ball. Post-Truth: How Bullshit Conquered the World Paperback (Biteback Publishing, 2017, 306 p.).
12. Lee McIntyre. Post-Truth (The MIT Press Essential Knowledge series), The MIT Press, 236 (2018).
13. Brooke Borel. The Chicago Guide to Fact-Checking, University of Chicago Press. 2023. – 245 p.

G.M. Akseit¹, A.K. Kabdugaliyev²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Saken Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan*

Fight against disinformation in the media space of Kazakhstan (on the example of www.factcheck.kz and www.sopfake.kz materials)

Abstract. The scientific article provides an overview of the concepts and definitions of false information (fake news) in the information content of modern electronic mass media, as well as the results of media research. Fake news is considered as one of the threats that have arisen in the context of the expansion of the scale and speed of information dissemination in the global information space. An assessment of the effectiveness and efficiency of the experience of combating disinformation in the media space of Kazakhstan based on the media anti-fake practice of websites is given www.factcheck.kz and www.sopfake.kz. The methods and techniques of combating disinformation, which over the past decade has become one of the tools of information warfare, are described.

The websites www.factcheck.kz and www.sopfake.kz practice confirms the need to turn the procedures of fact-checking and verification of information into an integral part of the modern editorial process and to create in each media its own fact-checking units.

In the context of the development of domestic journalistic education in within the framework of the growing number of fake news and the relative lag of journalistic education from the requirements put forward by the mass media market, the necessity of cultivating the skills and competencies of journalists associated with the development of “fact-checking consciousness” and improving the quality and reliability of news information material provided by modern mass media is emphasized. In the period of information wars, the post-truth, the development of social networks as sources of information, one of the primary needs of the media is the training of journalists who are able to professionally carry out work in the field of fact-checking and data verification.

Keywords: fake news, www.factcheck.kz, www.sopfake.kz, fact-checking, social media, propaganda, manipulation.

Г.М. Аксеит¹, А.К. Қабдугалиев²

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина, Астана, Казахстан*

Борьба с дезинформацией в медиaprостранстве Казахстана (на примере материалов «Factcheck.kz» и «Stopfake.kz»)

Аннотация. В статье дается обзор концепций и определений ложной информации (fake news) в информационном контенте современных электронных масс-медиа, а также результатов медийных исследований. Фейк-ньюс рассматриваются как одна из угроз, возникших в условиях расширения масштабов и скорости распространения информации в глобальном информационном пространстве. Дана оценка эффективности и действенности опыта борьбы с дезинформацией в медиaprостранстве Казахстана с опорой на медийную антифейковую практику сайтов «Factcheck.kz» и «Stopfake.kz». Излагаются методы и приемы борьбы с дезинформацией, которая за последнее десятилетие стала одним из инструментов информационной войны.

Практика сайтов «Factcheck.kz» и «Stopfake.kz» подтверждает необходимость превращения процедур фактчекинга и верификации информации в неотъемлемую часть современного редакционного процесса и создания в каждом СМИ собственных фактчекинговых подразделений.

В контексте развития отечественного журналистского образования в условиях роста количества фейковых новостей и относительного отставания журналистского образования от требований, выдвигаемых рынком средств массовой информации, подчеркивается необходимость культивирования у журналистов навыков и компетенции, связанных с развитием «фактчекингового сознания» и повышения уровня качества и надежности новостного информационного материала, предоставляемого современными масс-медиа. В период информационных войн, феномена «постправды», развития социальных сетей в качестве источников информации

одной из первостепенных потребностей СМИ становится подготовка журналистов, умеющих профессионально осуществлять работу в области фактчекинга и верификации данных.

Ключевые слова: фейковые новости, «Factcheck.kz», «Stopfake.kz», фактчекинг, социальные медиа, пропаганда, манипуляция.

Авторлар туралы мәлімет:

Ақсейіт F. M. – филология ғылымдарының кандидаты, баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Кабдугалиев А.К. – философия кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан.

Akseiit G.M. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kabdugaliyev A. K. – Senior Lecturer, Saken Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan.